

БИ АНСАМБЛЬДЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Самал Бәкірова¹, Анипа Қусанова²

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы)

Аңдатпа. Жаһандану процесінде мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының маңыздылығы артып, білім беру бағдарламалары қайта қарастырылуда. Әрбір мамандық бойынша тек өз ісінің шеберлерін ғана дайындап қоймай, олардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырып, алған білімдерін тиімді пайдалануға үйрету білім беру бағдарламаларының басты мақсаты болып табылады. Әлеуметтік медианың, жасанды интеллекттің, ақпараттардың қолжетімділігі кез-келген жағдайда тез және тиімді шешімдерді қабылдап, сыни ойлай алатын, өзгермелі ортаға тез үйренетін, мәселені шешудің оңтайлы жолдарын ұсынатын, сұранысқа ие мамандарды даярлауды талап етеді. Аталған мәселе өнер саласында да мамандарды даярлауда көрініс тапты. Осы орайда авторлар, «Хореография» білім беру бағдарламасы жүзеге асырылатын университеттердегі би ансамбльдерінің студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытудағы әсерін талдайды. Зерттеу барысында сыни ойлаудың анықтамасы беріліп, өнердің және студенттік би ұжымдарының сыни ойлауды дамытуға әсерін, сонымен қатар 1985 жылдан бері құрылып, еңбек етіп келе жатқан би ұжымдарын қалай дамыту қажет деген тәрізді сұрақтардың жауабын табу мақсатында шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері сараланды. Мұқтар Әуезов атындағы ОҚУ-нің, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенттері арасында docs.google.com сайтында сауалнама жүргізіліп, 106 студент қатысты, және олардың жауаптары сараланып, студенттік би ансамбльдерінің жетекшілерінен сұхбаттар алынды. Гарвард университетінің Asian American Dance Troupe (AADT), Harvard Ballet Company би ұжымдарының тәжірибесі талданды. Зерттеу нәтижелерін саралай келе, студенттердің сыни ойлау дағдысын дамытуға бағытталған авторлық ұсыныстар әзірленді. Сонымен қатар, студенттік би ұжымдарын дамытудың бірнеше негізгі бағыттарын қамтитын жүйелі тәсілдер айқындалды. Қорытындылай келе, студенттік би ұжымдарының қатысушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және орындаушылық қабілеттерін ғана дамытуда маңызды роль атқармай сыни ойлау қабілеттерін дамытудың бірден бір жолы екендігіне көз жеткізілді.

Түйін сөздер: студент, сыни ойлау, өнер, хореография, студенттік би ұжымдары, оқу процесі.
Дәйексөз үшін: Кусанова, Анипа және Бәкірова Самал. «Би ансамбльдерінің жоғары оқу орындары студенттерінің сыни ойлау қабілетін дамытудағы ролі». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 4, 2024, 306–322 бб., DOI: 10.47940/cajas.v9i4.936

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдеді.

Кіріспе

Қазіргі білім беру үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау тез өзгермелі әлемге бейімделу және даму үшін қажетті негізгі дағдылардың бірі ретінде танылады. Бұл дағды студенттерге ақпаратты талдауға, жасырын алғышарттарды анықтауға, дәлелдерді салыстыруға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Тұлғаның жан-жақты дамуы үшін әртүрлі өнер түрлері мен мәдени іс-шаралар арқылы сыни ойлауды дамытуға назар аудару маңызды. Университеттердің би ансамбльдері шығармашылық және ұжымдық өнердің бір түрі ретінде студенттердің орындаушылық және танымдық қабілеттерін ғана арттырып қоймай сыни тұрғысынан ойлау қабілетіне қаншалықты әсер ететіндігі зерттеу жұмысының нысаны болып табылады. Ең алдымен, сыни тұрғысынан ойлау туралы ғалымдардың пікіріне тоқталатын болсақ, Р. Эннис «не істеу керектігін шешуге бағытталған, ақылға қонымды рефлексивті ойлау» (10), Д. Уллингем «сын тұрғысынан ойлау бұл кез келген уақытта, кез келген жағдайда пайдалануға болатын дағдылардың жиынтығы ғана емес, шығармашылық ойлаудың түрі. Сын тұрғысынан ойлау белгілі бір деңгейдегі пәндік аймақтағы білімге және тәжірибеге байланысты» — деп анықтама береді (22). Қазіргі білім беру кеңістігінде академиялық білімге ғана емес, сонымен қатар студенттердің

жеке және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көбірек көңіл бөлінеді. Табысты кәсіби және жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін сын тұрғысынан ойлау дағдысы дамытылу керек. Бұл ақпаратты талдауға, негізделген қорытынды жасауға және салмақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осы тенденция аясында сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру мен дамытудың әртүрлі стандартты емес тәсілдерін зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. «Сыни ойлау белгілі бір мақсатқа бағытталып, өзін-өзі реттейтін пайымдаулар болып табылады, ол интерпретацияға, талдауға, бағалауға және тұжырымдауға, сондай-ақ осы пайымдауға негізделген дәлелді, концептуалды, әдіснамалық, критериалды немесе контекстуалды пайымдауларды түсіндіруге әкеледі» (Таңатарова, Қожанова 49). Өнер мен мәдениеттің сын тұрғысынан ойлауды қалыптастырудағы ролін Даниэла Думитру: «Өнерге үйрену сізді ашық ойлауға, сенімділікке, танымыңызды жетілдіруге және сыни ойлау дағдылары мен бейімділіктерін дамытуға ықпал етеді», — деп анықтайды (10). «Өнер туындылары әлеуетті проблемалық болып табылады, өйткені оларды әртүрлі жолдармен түсінуге және бағалауға болады» (Гиаһиган 146).

Зерттеулер мен практикалық тәжірибе көрсеткендей, өнер мен шығармашылықтың сыни талдау мен рефлексия дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға айтарлықтай үлес

қосатындығын көреміз. Өнер туындыларын жасау үрдісінде әр түрлі жолдармен шешілетін мәселелер туындайды, сондықтан өнер туындыларын талдау және түсіндіру студенттердің көркемдік мазмұнға деген әртүрлі көзқарастарын қалыптастырады. Сонымен қатар, белгілі бір салада сыни ойлау дағдыларын игеру үшін арнайы білім және оны игеруге бағытталған жалпы дайындық қажет. Жоғарғы оқу орындарында би ансамбльдері әр түрлі мақсатта құрылады: студенттердің бос уақыттарын тиімді пайдалану, университетішілік мерекелерде, концерттік бағдарламаларда өнер көрсету және т.б. Сонымен қатар, ЖОО-да би ансамбльдері әуесқой және кәсіби болып бөлінеді. ЖОО-да Хореография білім беру бағдарламалары бар Мұқтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Қаракөз», Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Томирис», Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «ASD», Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Дара», Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Арна», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Дидар», Мұхаммед-Хайдар Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде «Томирис», Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде «Би Сұлтан» кәсіби би ансамбльдері құрылған. Аталған университеттердің би ансамбльдері халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі фестивальдар мен байқаулардың лауреаттары. Би ансамбльдерінің репертуарлық саясатын бақылау және дайындық жұмыстарына қатысу арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттері дамиды.

Біріншіден, педагог-репетитордың жұмыс жасау әдістемесін бақылай және саралай білген студент, өзінің

болашақ мамандығының қыр-сырын білуге тырысады. Екіншіден, өзінің орындаушылық қабілетін дамыта отырып, би ұжымында жұмыс жасай білуге дағдыланады. Үшіншіден, өнер саласындағы тәжірибелі мамандармен пікір алмаса отырып, шығармашылық ойлау қабілеттері қалыптасады. Сонымен қатар, жоғары курс студенттерінің өзіндік жұмыстарының қорытындысы ретінде қойылған би ансамбльдің репертуарынан орын алса, білім алушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырады. Осылайша, студенттердің сабақтан тыс шығармашылық жұмыстары олар үшін өзін-өзі дамыту уақытына айналады (Бәкірова 50). Хореография өнері саласында мамандар дайындауда оқу жүйесіндегі сахналық тәжірибенің орны ерекше екені белгілі. Осыны ескерген оқу орындары білім алушылардан би ансамбльдерін құрып, оның репертуарын кеңейтуде еңбек етіп келеді.

Зерттеу әдістемесі

Сыни ойлау терминіне анықтама беруде, өнердің сыни ойлауды дамытудағы ролін зерттеуде шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері талданды. Зерттеу барысында кәсіби би ансамбльдерінің студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуға әсерін анықтау мақсатында М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенттерімен docs.google.com сайтында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 17-20 жас аралығындағы барлығы 106 студент қатысты. Қатысушылардың 97%-ы қыздар, 3%-ы жігіттер. Сіз өзіңіз оқитын университеттің кәсіби би ансамблінің мүшесісіз бе? Қанша уақыттан бері сіз университеттің ансамбліңде

билейсіз? Би ансамбліне қатысу кәсіби жұмысыңыздағы мәселеге немесе жағдайға басқаша қарауға көмектескен мысалмен бөлісе аласыз ба? Ансамбльдің дайындық жұмыстарына қаншалықты жиі қатысасыз? Би ансамблінің құрамында қандай іс-шараларда өнер көрсетесіздер? Төмендегі тұжырымдармен қаншалықты келісесіз (1 = мүлдем келіспеймін, 5 = толықтай келісемін):

а. Би ансамбльдеріне қатысу менің дәлелдер мен ұсыныстарды талдау және бағалау қабілетімді арттырды.

б. Би арқылы мен әртүрлі көзқарастар мен мәдениеттерді жақсырақ түсінетін болдым.

в. Би ансамблінде өнер көрсету менің өз мамандығымның аясында туындаған мәселелерді шешуге дағдыландырды.


д. Би ансамблінде өнер көрсету жаңа идеяларды ойлауға, өз ойымды іске асыруға мүмкіндік берді.

Студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға би ансамбльдері қалай ықпал етеді деп ойлайсыз; би ансамблінің мүшесі болу сіздің жеке және кәсіби дамуыңызға қалай әсер етеді; Университет би ансамбліне қаншалықты лайықты қолдау көрсетіп, бағалайды деп ойлайсыз сынды сұрақтарды қою арқылы кәсіби би ансамблінің студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытуға қаншалықты әсер ететіндігін анықтауға тырыстық. Сонымен қатар, 20 жылдан астам уақыт бойы студенттік би ансамбльдерінде жетекшілік еткен тәжірибелі хореографтар мен жас мамандардың студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы тәжірибесі сараланады.

Зерттеу нәтижелері

Хореография білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарында студенттердің 70%-ы кәсіби би ансамбльдерінің құрамында өнер көрсетеді. 30%-ы өздерінің денсаулық жағдайына, физикалық

мүмкіндіктеріне байланысты би ансамбльдерінің дайындық жұмыстарына жүйелі түрде қатыспайды. «Қанша уақыттан бері сіз университеттің би ансамблінде билейсіз?» деген сұрақты қою арқылы біз кәсіби би ансамбльдерінде 3-4 курс студенттерінің санының артық екендігін көреміз. Сурет 1. Көрсеткіштерді ескерсек, 3-4 курс студенттерінің әрі қарай кәсіби түрде дамуға деген талпыныстарын байқаймыз.




Сурет 1. «Қанша уақыттан бері сіз университеттің би ансамблінде билейсіз» деген сауалнама сұрағына жауап нәтижелері.

«Би ансамбліне қатысу кәсіби жұмысыңыздағы мәселеге немесе жағдайға басқаша қарауға көмектескен мысалмен бөлісе аласыз ба?» сұрағы бойынша сауалнама нәтижелерін саралай отырып, кәсіби би ансамбльдерінің студенттердің орындаушылық дағдыларын қалыптастырып, өздеріне деген сенімділіктерін арттыратындығына, балалармен жұмыс жасауда қиындықтарды шешуге көмектескендігіне, өндірістік тәжірибеден өту барысында мәселелерді шешуде, өздігінен жұмыс жасауда және ұжымда жұмыс жасауға дағдыландырылғандығына, өз мамандығына деген сүйіспеншіліктерін арттырғандығына, жан-жақты дамуға жол ашатындығына көз жеткіземіз.

«Ансамбльдің дайындық жұмыстарына қаншалықты жиі қатысасыз?» сауалын қою арқылы студенттердің ансамбльдің дайындық жұмыстарына қанша уақыт бөлетіндігін анықтадық. Сауалнама нәтижесінде аптасына 2-3 рет жүйелі түрде дайындық

жұмыстарының жүргізілетіндігін көреміз. Көрсеткіштердің нәтижесінде дайындық жұмыстарының оқу үрдісіне кедергі келтірмейтіндігі байқалады.

Би ансамблінің құрамында қандай іс-шараларда өнер көрсетесіздер деген сұраққа берілген жауаптардың нәтижесінде студенттердің 50%-дан жоғары бөлігі қалалық, университетішілік іс-шаралар мен байқаулар деп жауап берген (Сурет 2.).




Сурет 2. Студенттік кәсіби би ансамбльдерінің қандай іс-шараларда өнер көрсететіндігінің көрсеткіші.

Көрсеткіштердің нәтижесін саралай отырып, көп жағдайда кәсіби би ансамбльдерінің мерекелік іс-шараларды атқаратын қызмет көрсетуші ұжым ретінде жұмыс жасайтындығын көреміз. Осы орайда, би ансамбльдерінің мүшелерімен әр түрлі мастер класстар ұйымдастыру, шығармашылық кездесулер, олардың танымдық деңгейін кеңейтетін экскурсиялар, ұжымдық рухты қалыптастыратын тимбилдингтер ұйымдастыру қажеттілігі көрінеді. Егер болашақты жаһандық және ұлттық күш қалыптастыратынына сенсек, қоғам өз мүшелерін өзгермелі жағдайға дайындау керек. Жұмыспен қамту және бәсекеге қабілеттіліктен басқа да білім берудің мақсаттары негізге алынуы қажет.

Студенттерді болашақ кәсібінің қырсырын меңгертіп, адал еңбек етуге баулу арқылы біз қоғамның әрі қарай дамуына үлес қосамыз. Осы орайда, білім беру мекемелері жеке тұлғаның тұлғалық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуын қолдап, қоғамның қажеттіліктері мен ұмтылыстарын қанағаттандыруы

керек. Сондықтанда университеттер студенттердің жеке басын, олардың құндылықтарын қалыптастыратын орталық болып табылады. К.Ф. МакКарти, Э.Х. Ондаатже, Л. Закарс және А. Брукс өнер арқылы студенттердің өзін-өзі бағалау қабілеттерінің дамитындығын анықтаса (1), Т. Матсон және М.Р. Грипсон би арқылы адам өзін жете түсініп, әлемді таниды деп тұжырымдайды (3). Келесі сұрақтың нәтижесінде біз студенттердің 3-ші суреттегі тұжырымдамамен толықтай келісетіндігі анықтадық.



Сурет 3. Студенттерге ұсынылған тұжырымдама.

«Студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға би ансамбльдері қалай ықпал етеді деп ойлайсыз?» сұрағына студенттер тез әрекет етуге, өнердің барлық түрлерінен хабардар болуға, кәсіби мәселелерді тез шешуге, өз-өздеріне деген сенімділікке дағдыландырды деп жауап береді. Сонымен қатар, кәсіби би ансамбльдерінде билеу тек қана орындаушылық дағдыларын ғана дамытып қоймай, өздерін әлеуметтендіруге де үлес қосқандығын атап өтеді. Ансамбльде билеу арқылы студенттер адамдардың әлеуметтік немесе мәдени ерекшеліктеріне қарамастан өзара араласып, бір-бірін түсінуге тырысады. Фестиваль, концерт сияқты ауқымды мәдени шаралар қарым-қатынас пен пікір алмасу алаңдарын жасайды.

Би ансамбльдері арқылы студенттер оқытудың басқа түрлерінде қол жетімсіз эстетикалық қабылдауларын және мәдени сауаттылықтарын дамытады. Өнердің әлеуметтік қызметі оны қоғамдағы оң өзгерістер мен ілгерілеудің қуатты құралына айналдырады, неғұрлым әділ және үйлесімді әлем құруға көмектеседі. Би ансамбльдері өнердің әлеуметтік қызметін жүзеге асырады.

«Сіздің ойыңызша би ансамблінің мүшесі болу сіздің жеке және кәсіби дамуыңызға қалай әсер етеді?» сұрағын қою арқылы би ансамбльдерінің студенттердің жеке тұлға ретінде өздерін тануға, өз кәсібінде тәжірибелі болуға және өз мүмкіндіктерін бағалауға жол ашатындығын анықтадық.

«Университет би ансамбліне лайықты қолдау көрсетіп, бағалайды деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа студенттер әр түрлі жауаптарды ұсынады. Зерттеу нысаны бойынша әр түрлі жоғары оқу орындарының студенттерінен жауап алынғандықтан, аталған сұрақ бойынша көптеген факторлардың әсер ететіндігі айқын. Жауап берушілер өз жауаптарында би ансамбльдерінің дайындық жұмыстарын жүргізуге сахна түріндегі дайындық орнын, техникалық құрал жабдықтарды, сахналық костюмдермен қамтамасыз етуді ұсынады.

Талқылау

Сыни және шығармашылық ойлау қабілеті бүкіл әлемде ерекше маңызды болып саналады. Сыни ойлау — ақпаратты шебер қолдану, талдау, синтездеу және бағалаудың интеллектуалды процесі. Сонымен қатар, жоғары айқындық, дәлдік, жүйелілік, өзектілік, анық дәлелдер секілді әмбебап интеллектуалды құндылықтарға негізделген. Е. Лютых өз еңбектерінде сыни ойлауға үйрену тәжірибесі әлеуметтік-мәдени контексте қарастырылуы қажет деп есептейді. Сыни ойлау — жеке дағды емес, әлеуметтік-

мәдени тәжірибе. Сыни ойлау — диалогқа қатысу, талқылау, келісімге келу, шектеулерді сынау және шекараларды кеңейту» — деп қарастырады (384). Мамандарды даярлауда алған білімін күнделікті тәжірибеде қажетіне қарай қолдануды үйретудің маңызы зор. Студенттер алған ақпараттарын саралау үшін сыни ойлауды үйренуі қажет. «Әрбір оқу-танымдық ақпаратты меңгеру үшін бұл не үшін қажет, бұл маған не береді? Мәселені қалай шешу тиімді? Қандай жағдайда жаңа нәтижеге қол жеткізуге болады? — деген сияқты сұрақтар қою мен проблемаларды анықтауға бағытталуы тиіс» (Барманкулова, Нуралиева 27). Мәселені шешудің теориялық негіздемесіне сүйеніп, тәжірибелік жұмыстардың нәтижесін нақты фактілерге негіздеп, статистикалық мәліметтерді талдау, жаңа нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ашық өнер жобалары студенттердің тәуелсіздігіне ықпал етеді және шешім қабылдауды қажет ететін талдау, түсіндіру, бағалау және шығармашылық мәселелерді шешу сияқты дағдыларды дамыта алады (Фрэнсис, Бамфо 106).

Студенттер үшін шығармашылық ойлаудың маңыздылығын зерттеу көптеген жылдар бойы ғылыми қауымдастықтың зерттеу алаңына айналды (Причард 117).

Ойлау дағдыларын дамыту үшін кезең-кезеңмен қолдау көрсету қажет (Norton 64). Ойлау — бұл идеялардағы, пайымдаулардағы, ұғымдардағы объективті қызметті көрсету процесі. Ол талдау және практикалық іс-әрекетке негізделген сенсорлық танымнан синтездеу кезінде пайда болады; бұл өзін-өзі іздеудің және түбегейлі жаңаны ашудың психикалық процесі (яғни, белгілі бір адамның танымдық іс-әрекетінің бастапқы, алдыңғы кезеңдеріне қатысты жаңа). Кез-келген оқыту қандай формада болса да, әрқашан ойлауды қалыптастыру мен дамытудың қажетті және таптырмас

шарты болып табылады. Білімді игеру және қалыптастыру — ойлаудың нәтижесі. Шығармашылық ойлау — табысты ойлаудың ең жоғарғы түрі. Ойлаудың бұл түрі субъективті жаңа өнім мен жаңа формацияларды құрумен сипатталады. Шығармашылық ойлаудың өнімі бірегейлігімен сипатталады. Шығармашылық кәсіптермен айналысатын адамдар, басқалар сияқты, өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуы керек. Қазіргі таңда өнер саласында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануды зерттеу кең таралып келеді. Зерттеулерде хореографиялық қойылымдарды үйренуде QR кодтарын қолдану және олардың жоғары оқу орындарының студенттерін ынталандыруға әсері талданады (Роса 160).

Оқу барысында стандартты емес жағдаяттардың қалыптасуы мен өз ойын еркін жеткізу шығармашылық мамандықтардағы студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға үлкен әсер етеді (Крыштанович 404).

Студенттердің сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатында ансамбльдің репертуарына авторлық қойылымдарды қосу тәжірибесін басшылыққа алғанда «Хореографиялық бейнелер» әдісін пайдалануға болады. Студенттер берілген тақырып бойынша көркем әдебиеттерді оқып, шығармалардағы бейнелерді табуы қажет. Көркем бейнелерді табу үшін студент ең алдымен өзінің ойында елестетеді. Көркем бейнелерді тапқаннан кейін басқа әдебиеттермен салыстыруы немесе өзінің өмірінде болған оқиғамен талдай алуы қажет.

Сонымен қатар, студенттер өздерінің қиялынан туған образдарын хореографиялық тілмен жеткізеді. Бұл әдіс арқылы студенттердің қиялын дамытамыз. Қиял арқылы студенттер өмірде болып жатқан оқиғаларды бейнелеп, өнер арқылы өз аудиториясына жеткізеді. Адамзаттың рухани мәдениеті, адамдардың қиялы

мен шығармашылығының нәтижесінде пайда болған. Қиялдау кезінде студенттер эмоционалдық тұрғыдан белсенді болып, өздерінің барлық энергияларын шығармашылық жұмыспен айналысуға жұмсайды. Аталған әдісті ансамбльдің дайындық жұмыстарында немесе студенттер өз қойылымдарын жүзеге асырған сәтте пайдалануға болады. Сонымен қатар, көркем әдебиеттерді оқуға деген ынталандыру ойындарын немесе челенджерді ұйымдастыру да студенттердің танымдық ой өрісін кеңейтіп хореографиялық көркем образдарды жасауға жол ашады. Қазақстандық ЖОО-дағы би ансамбльдерінің жетекшілерімен сұхбат жүргізу арқылы, олардың тәжірибесімен танысып, студенттік ансамбльдің мүшесі болу қаншалықты олардың сыни ойлау қабілеттеріне ықпал ететіндігін айқындауға тырыстық.

Бірінші респондент: ҚР мәдениет қайраткері, өнертану профессоры, п.ғ. докторы Кульбекова Айгуль Кенесовна: Студенттік би ансамблінің мақсаты оқу процесінде алынған практикалық дағдыларды дамыту болып табылады. Егер жетекшілер студенттермен бірге әр қойылымды талдап, алдағы репертуарды талқылап, ансамбльге олардың шығармашылық өсуі мен сапасы бойынша нақты міндеттер қойса, сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру процесі тиімді болады. Ансамбльде билеу студенттің оқу әрекетінің күшті және әлсіз жақтарын көруге, объективті түрде ойлауға жол ашады. Ансамбльмен байқауларға қатысу алдында студенттердің өзін-өзі бағалауын және жарысқа деген құлшынысын арттыру мақсатында бағдарламаны егжей-тегжейлі талдау жүргізілді. Сонымен қатар, қарсыластардың кәсіби деңгейі қарастырылып, олардың әлсіз және күшті жақтары анықталады. Бұл шешімдердің қойылған міндеттерге әсері байқаудың соңғы кезеңдеріндегі және қорытынды нәтижелердегі

көрсеткіштерге үлкен әсер етеді. Топтық жұмыс, әсіресе хореограф студенттер арасында сын тұрғысынан ойлауды дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. Дәл осы ұжымдық еңбек барысында көшбасшылар мен әртүрлі үлгерімдегі студенттер тығыз өзара әрекеттеседі. Мұнда жалпыадамзаттық қасиеттер мен кәсіби құзыреттер қалыптасады. Командада кез келген форматтағы басым міндеттер талқыланып, бар мәселені сын тұрғысынан қарастыру негізінде ортақ шешімдер қабылданады. Бұл студенттердің дайындық жұмыстарын жүргізу, топпен жұмыс жасау т.б. дағдыларын қалыптастырып, орындаушылық деңгейлерін арттырады. Қазіргі таңда би ұжымының жетекшісі:

- озық деңгейдегі сыни ойлауға ие болуы керек;
- өз педагогикалық қызметінің кемшіліктерін көре білуі, жұмысының артықшылықтары мен кемшіліктерін білуі қажет;
- оқытушылық қызметтің алдыңғы қатарлы үлгілерімен ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы өзгерістермен, заманауи технологиялармен, ғылыми зерттеулермен де үнемі қызығушылық танытып, өзін-өзі жетілдіруі керек; 4) адам әлеуетін дамытудағы озық әдістерді қоғамның кез келген қызмет саласында өз пәніне және студенттермен жұмыс істеуіне бейімдей білуі қажет.

Екінші респондент: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Томирис» би ансамблінің жетекшісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Сабдалиева Роза Болысқызы: Студенттер ансамбльде билеу арқылы әр түрлі би жанрларымен, стилімен, формаларымен танысады және оқытушының жұмыс жасаудағы әдістерімен, тәсілін көреді. Хореограф би жанрларының көптеген формаларын үйрете отырып, сахнада образды беруді, би қимылын үйлестіруді дамытады. Бұл сахна алаңын бағдарлай білуге ықпал етіп, студенттердің хореографиялық

қойылымдарды қою тәжірибесінде маңызды роль атқарады. Ансамбльде билеу барысында студент жетекшімен тікелей қарым-қатынас жасай отырып, тіл табысуға, педагог-хореографтың қызметін бақылауға, би қойылымдарын талдауға дағдыланады. Ансамбльде билеу арқылы студенттер кез-келген ситуациялардан шығуға бейімделеді, өздігінен шешім қабылдауға тырысады, күнделікті дайындық жұмыстарының әсерінен кәсіби физикалық формаларын сақтайды. Сонымен қатар, бәсекеге қабілеттіліктері өсіп, көшбасшылық қасиеттері қалыптасады. 1-2 курста студенттер ансамбльмен танысып, репертуарды меңгеріп, өздерінің орындаушылық қабілеттерін дамытса, 3-4 курста көшбасшылық қасиеттер байқалып, өз бетінше би этюдтерін, қойылымдарын қойып, ансамбльді ұйымдастырып, ұжыммен жұмыс істей алады. Бұл олардың кәсіби құзыреттіліктерін нығайтады. Би қойылымдарын қоюда өзіндік стильдері, қолтаңбалары қалыптаса бастайды. Ансамбльмен жұмыс жасау барысында жеке тәжірибемде көп қолданатын әдіс – кезекті концертте билейтін студенттердің тізімін немесе биленетін билерді соңғы сәтте айту. Осы әдіс арқылы ең бірінші студенттер ансамбльдің барлық репертуарын және әр түрлі партияларды меңгереді. Бұл олардың өздерінің орындайтын би қимылдарын саралауға, кәсіби тұрғыдан ойлануға жол ашып, бұлшық ет жадын дамытады. Ансамбльмен жүйелі түрде жұмыс жасау, әрбір орындаушыны білу, студенттердің жан дүниесін түсіну, олармен қарым-қатынас жасау би ұжымында жемісті жұмыс жасауға көмектеседі.

Респонденттердің пікіріне сүйене отырып, студенттік би ансамблінің орындаушылық қабілеттерді, кәсіби құзыреттілікті және сыни ойлауды дамытатын оқу-тәрбие процесінің маңызды құралы екеніне көз жеткіземіз. Олар ұжымдық жұмыс пен сахналық

тәжірибе арқылы студенттер өздерінің физикалық және интеллектуалдық дағдыларын жетілдіретінін, сондай-ақ, шешім қабылдауға бейімделіп, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыратынын көрсетеді, сонымен қатар студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытуда ансамбль жетекшілеріне авторлық идеяларын ұсынады. Қазақстандық жоғары оқу орындарының би ансамбльдерінің дамыту жолдарын айқындау мақсатында шет елдік студенттік би ансамбльдерінің тәжірибесі қарастырылды. Мысалы Гарвард университетінің кампусында әлемдік би стильдері мен дәстүрлерінің кең ауқымын көрсететін 25-тен астам студенттік би топтары бар. Жиырма жылдан астам уақыт бойы Гарвардтың Asian American Dance Troupe (AADT) азиялық американдық би тобы хореография өнері арқылы студенттерді азиялық мәдениетпен таныстырып келеді. Репертуары дәстүрлі, этникалық, модерн, балет, хип-хоп, фьюжн секілді би түрлерімен қамтылған. Би тобындағы студенттер азиялық билердің әртүрлілігін, мәнерін көрсетуге тырысады. Би тобына студенттер кастингсіз қатыса алады. Би қойылымдарын студенттер өздері қояды және орындайды. Сонымен қатар, кампустағы басқа би топтармен тығыз байланыс жасап, ынтымақтастықты арттырады. *Asian American Dance Troupe* мүшелері әр түрлі мамандықтың студенттері. Олар кампустағы мерекелік, танымдық іс-шараларда өз өнерлерін көрсетеді.

Harvard Ballet Company –

Гарвард колледжінің студенттерінен құралған Гарвард балет труппасы. 1993 жылы құрылған топ, талантты орындаушылардың, жас хореографтардың назарын аударып келеді. Репертуары: классикалық балет, заманауи би. Апта сайын труппа мүшелеріне арналған классикалық би сабағы жүргізіледі. Өз көрермендеріне жылына екі рет хореографиялық қойылым ұсынады.

Топтың негізгі мақсаты таланттарды қолдауда шығармашылық атмосфера құра отырып, олардың академиялық деңгейлерін көтеру. Аталған топтың мүшелері хореографиялық білім беру бағдарламасының студенттері.

Негізгі тұжырымдар

Кәсіби би студенттік ансамбльдерін дамыту бірнеше негізгі бағыттарды қамтитын жүйелі тәсілді қажет етеді. Зерттеу нәтижелерін талдай келе, ансамбльдерді дамытудың төмендегідей негізгі жолдары анықталды:

1. Мықты команда құру мақсатында талантты студенттерді іріктеу үшін тұрақты кастингтер мен конкурстарды ұйымдастыру.

Тренингтер мен мастер-класстар: қатысушылардың шеберлік деңгейін арттыру үшін тәжірибелі хореографтармен мастер-класстар өткізу.

2. Репертуарға әртүрлі би стильдерін қосу, ансамбльдің өз көрермендерін табуға және бишілердің әмбебаптығын дамытуға мүмкіндік береді.

Би қойылымдары: ансамбльдің ерекше стилі мен шығармашылығын көрсететін ерекше хореографиялық қойылымдар жасау.

3. Костюмдер тігу, конкурстар мен фестивальдерге бару шығындарын қаржылық қолдауды қамтамасыз ету үшін гранттық бағдарламаларға қатысу. Университеттің, ансамбльдің имиджін дамытатын авторлық концерттік бағдарламалар ұйымдастыру.

4. Әлеуметтік желілерде белсенді болу, ансамбльдің веб-сайтын құру, концерттер мен репетициялардан видеоматериалдар жариялау.

Студенттердің орындаушылық шеберлігін, танымдық ой өрісін арттыру үшін ұлттық және халықаралық конкурстар мен фестивальдерге үнемі қатысу.

5. Кәсіби хореографтармен, би мектептерімен және мәдени

мекемелермен байланыс орнату және ынтымақтастық. Тәжірибе алмасуға және ансамбльдің жетістіктерімен бөлісуге мүмкіндік беретін басқа би топтарымен ортақ бағдарламалар құру.

6. Ансамбльдің мүшелері мен басшыларының кәсіби деңгейін арттыру үшін семинарларды, тренингтер мен конференцияларды ұйымдастыру және оған қатысуды қамтамасыз ету.

7. Қоғаммен байланысты нығайтуға және қоғамның мәдени деңгейін арттыруға ықпал ететін әлеуметтік және мәдени жобаларға қатысу. Осы бағыттар бойынша жүйелі даму әр түрлі жерлерде сәтті өнер көрсете алатын және өзінің білім беру ұйымын жоғары деңгейде таныта алатын кәсіби және танымал студенттік би ансамблін құруға жол ашады.

Қорытынды

Зерттеудің жүргізілу масштабының көлеміне қарамастан, алынған нәтижелер білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Зерттеудің нәтижелері тақырып бойынша ғалымдардың еңбектерін саралап қана қоймай, би ансамбльдері арқылы студенттердің сыни ойлау дағдысын қалыптастыру әдістерін көрсетеді. Жүргізілген сауалнамалар арқылы студенттердің би ансамбльдері жайлы ойлары, олардың сыни ойлау қабілеттеріне әсері зерттелді. Сонымен қатар, жетекшілермен жүргізілген сұхбаттардан студенттік би ансамбльдерінің олардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін қандай әдістерді пайдаланатындығы көрсетілді.

Университеттегі би ансамбльдері студенттердің сыни ойлау қабілетін

дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі олар жан-жақты оқыту мен өзара әрекеттесуді талап етеді. Біріншіден, ансамбльге қатысу студенттерден хореографиялық элементтерді талдап, саралауды талап етеді, бұл өз идеяларын да, басқалардың идеяларын да сыни тұрғыдан қарастыру қабілетін дамытады. Би қойылымдарын шығару және интерпретациялау барысында студенттер қимылдарды және қойылымдарды терең талдауды үйренеді, бұл тікелей сыни ойлаумен байланысты когнитивтік процестерді қамтиды.

Екіншіден, ансамбльдегі топтық жұмыс пікірталастарды тудырып, мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бұл сыни ойлаудың маңызды бөлігі болып табылады. Ансамбльдің басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу әртүрлі көзқарастарға икемділік пен ашықтықты, сондай-ақ, өз ұстанымын дәлелдеп қорғай білу қабілетін қажет етеді. Бұл үдеріс студенттерге мәселелерді шешуде және ақпаратты бағалауда құрылымды тәсілді қалыптастыруға көмектеседі, бұл олардың академиялық және кәсіби өсуіне ықпал етеді.

Би ансамбльдеріне қатысу арқылы жүзеге асатын шығармашылық үдеріс студенттердің шығармашылық ойлауын ынталандырады, бұл сыни ойлаудың шекараларын кеңейтеді және күрделі мәселелерге стандартты емес шешімдер мен тәсілдерді табуға мүмкіндік береді. Университеттегі би ансамбльдері студенттердің эстетикалық және физикалық дамуына ықпал етумен қатар, олардың ақпаратты сыни талдау, синтездеу және бағалау қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, бұл табысты оқыту мен кәсіби дайындықтың негізі болып табылады.

Авторлардың үлесі:

С.Ә. Бәкірова – мақала тұжырымдамасын әзірлеу, мақаланың зерттеу бөлігін дайындау, шетелдік студенттік би ансамбльдерінің ерекшеліктерін айқындау, материалдарды жинақтау және талдау.

А.Е. Кусанова – отандық және әлемдік дереккөздермен жұмыс, әдеби шолу дайындау, мақаланың зерттеу бөлігін орындау, студенттік би ансамбльдерінің жетекшілерімен сұхбат жүргізу.

Вклад авторов:

С.Ә. Бәкірова – разработка концепции статьи, подготовка исследовательской части статьи, определение особенностей иностранных студенческих танцевальных ансамблей, сбор и анализ материалов.

А.Е. Кусанова – работа с отечественными и мировыми источниками, подготовка литературного обзора, выполнение исследовательской части текста, проведение интервью с руководителями студенческих танцевальных ансамблей.

Authors contribution:

S.A. Bakirova – development of the article's concept, preparation of the research section of the article, identification of the characteristics of foreign student dance ensembles, collection and analysis of materials.

A.E. Kusanova – work with domestic and international sources, preparation of the literature review, conducting the research part of the text, conducting interviews with the leaders of student dance ensembles.

Дереккөздер тізімі

- Francis, Ankyiah, and Frederick Bamfo. "Examining Studio-Based Art Practices as a Means of Fostering Critical Thinking Skills in Young Learners." *International Journal of Childhood Education*, 2023, vol. 4, no. 2, pp. 106–116. DOI: <https://doi.org/10.33422/ijce.v4i2.520>.
- Барманкулова, Айнура және Нуралиева Артык. «Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімдердің сыни ойлау қабілетінің мәні мен мазмұны». *Endless light in science*, 2024, № 5, бб. 25–27.
- Бәкірова, Самал. *Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі*. 2023, «Қазақ ұлттық хореография академиясы», философия докторы (PhD) диссертация, Астана. Қарастырылған мерзімі: 17 маусым 2024 ж.
- Dumitru, Daniela. Creating meaning. "The importance of Arts, Humanities and Culture for critical thinking development." *Studies in Higher Education*, 2019, vol. 44, no. 5, pp. 870–879. DOI: 10.1080/03075079.2019.1586345
- Ennis, Robert. "Critical Thinking Assessment. *Theory into Practice*." 1993, vol. 32, no. 3, pp. 179–186. DOI: 10.1080/00405849309543594
- de las Heras Fernández, Rosa, et al. "Achievement motivation of Physical Education students to learn traditional dances by means of QR codes in higher education." *Aula Abierta*, 2024, vol. 53, no. 2, pp. 59–168. DOI: 10.17811/rife.20798
- Geahigan, George. "Art criticism: From theory to practice." *Art criticism and education*, 1997, pp. 125–278.
- Kryshtanovych, Myroslav, et al. "Methodological Approach to Determining the Main Factors for the Development of Creative Thinking in Students of Creative Professions." *Creativity Studies*, 2021, vol. 14, no. 2, pp. 391–404.
- Lyutykh, Elena. "Practicing critical thinking in an educational psychology classroom: Reflections from a cultural-historical perspective." *Educational Studies*, 2009, vol. 45, no. 4, pp. 377–391. DOI:10.1080/00131940903066263.
- Mattsson, Torun., and Märtha Pastorek Gripson. "I did not know that the pupils loved dancing... until the projector came': constructions of dance as learning activity in school-age educare." *Research in Dance Education*, 2024, vol. 25, no. 3, pp. 1–21. DOI: 10.1080/14647893.2024.2359112
- McCarthy, Kevin F., et al. *Gifts of the muse: Reframing the debate about the benefits of the arts*. Santa Monica «Rand Corporation», 2001.
- Norton, Frances-Ann. "Developing Critical Thinking Skills with Adult Learners in an Art School: Might a Critical Thinking Manifesto Be One Way to Visualise Findings?" *Widening Participation and Lifelong Learning*, 2023, vol. 25, no. 2, pp. 63–72, DOI:10.5456/wpll.25.2.63.
- Prichard, Robin. "Nonlinguistic Feedback in Critical Responses to Choreography." *Journal of Dance Education*, 2019, vol. 19, no. 3, pp. 117–126. doi:10.1080/15290824.2018.1453932.

Таңатарова, Ж. Ә., және Кожанова А. «Сыни ойлаудың негізгі принциптері мен әдістерінің зияткерлікті дамытуда алатын рөлі». *Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы*, №2, 56-том, 2020, бб. 49–55.

Willingham, Daniel. "Critical Thinking: Why Is It So Hard to Teach?" *Arts Education Policy Review*, 2008, vol. 109, no. 4, pp. 21–32.

References

Ankyiah Francis., Frederick Bamfo. "Examining Studio-Based Art Practices as a Means of Fostering Critical Thinking Skills in Young Learners." *International Journal of Childhood Education*, 2023, vol. 4, no. 2, pp. 106–116 DOI: <https://doi.org/10.33422/ijce.v4i2.520>.

Barmankulova, Aynura and Nuraliyeva Artyk. «Zhоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімдердің сыни оялау қабілетінің мәні мен мазмұны» ["The essence and content of critical thinking skills of future teachers in higher education."] *Endless light in science*, 2024, № 5, pp. 25–27. (In Kazakh)

Bakirova, Samal. Khoreografiya өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі [Kazakhstan model of training specialists in the field of choreographic art (based on the development of national dance).] Dissertation Thesis, PhD. Astana, Kazakh National Academy of Choreography, 2023. (In Kazakh)

Dumitru, Daniela. "Creating meaning. The importance of Arts, Humanities and Culture for critical thinking development." *Studies in Higher Education*, 2019, vol. 44, no. 5, pp. 870–879. DOI: 10.1080/03075079.2019.1586345

Ennis, Robert. "Critical Thinking Assessment. " *Theory into Practice*, 1993, vol. 32, no. 3, pp. 179–186. DOI: 10.1080/00405849309543594

de las Heras Fernández, Rosa, et al. "Achievement motivation of Physical Education students to learn traditional dances by means of QR codes in higher education." *Aula Abierta*, 2024, vol. 53, no. 2, pp. 59–168. DOI: 10.17811/rifie.20798

Geahigan, George. "Art criticism: From theory to practice." *Art criticism and education*, 1997, pp. 125–278.

Kryshtanovych, Myroslav, et al. "Methodological Approach to Determining the Main Factors for the Development of Creative Thinking in Students of Creative Professions." *Creativity Studies*, 2021, vol. 14, no. 2, pp. 391–404.

Lyutykh, Elena. "Practicing critical thinking in an educational psychology classroom: Reflections from a cultural-historical perspective." *Educational Studies*, 2009, vol. 45, no. 4, pp. 377–391. DOI:10.1080/00131940903066263.

Mattsson, Torun., Märtha Pastorek Gripson. "I did not know that the pupils loved dancing... until the projector came': constructions of dance as learning activity in school-age educate. " *Research in Dance Education*, 2024, vol. 25, no. 3, pp. 1–21. DOI: 10.1080/14647893.2024.2359112

McCarthy, Kevin F., et al. "*Gifts of the muse: Reframing the debate about the benefits of the arts.*" Santa Monica, «Rand Corporation», 2001.

Norton, Frances-Ann. "Developing Critical Thinking Skills with Adult Learners in an Art School: Might a Critical Thinking Manifesto Be One Way to Visualise Findings?" *Widening Participation and Lifelong Learning*, 2023, vol. 25, no. 2, pp. 63–72, DOI:10.5456/wpll.25.2.63.

Prichard, Robin. "Nonlinguistic Feedback in Critical Responses to Choreography." *Journal of Dance Education*, 2019, vol. 19, no. 3, pp. 117–126. doi:10.1080/15290824.2018.1453932.

Tanatarova, ZH., A. Kozhanova. «Syni oylaudyң negizgi printsipteri men әdisteriniң ziyatkerlikti damytuda alatyn rәli» ["The key principles and methods of critical thinking play an important role in the development of intellectual abilities."] *Bulletin of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University*, no. 2, 56, 2020, pp. 49–55. (In Kazakh)

Willingham, Daniel. "Critical Thinking: Why Is It So Hard to Teach?" *Arts Education Policy Review*, 2008, vol. 109, no. 4, pp. 21–32.

Бәкірова Самал, Кусанова Анипа

Казахский национальный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

РОЛЬ ТАНЦЕВАЛЬНЫХ АНСАМБЛЕЙ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ В РАЗВИТИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ

Аннотация. В процессе глобализации возрастает значение подготовки специалистов высших учебных заведений, пересматриваются образовательные программы. Основная цель образовательных программ – не только подготовить мастеров своего дела по каждой специальности, но и научить эффективно использовать полученные знания для повышения конкурентоспособности. Доступность социальных сетей, искусственного интеллекта и информации требует подготовки востребованных специалистов, в том числе и в сфере искусства, способных быстро и эффективно принимать решения, критически мыслить, быстро адаптироваться к меняющейся среде и предлагать оптимальные пути решения проблем. В связи с этим авторы анализируют влияние танцевальных ансамблей вузов, где реализуется образовательная программа «Хореография», на развитие навыков критического мышления у студентов. В ходе исследования для поиска ответов на следующие вопросы проанализированы работы зарубежных и отечественных ученых: Что такое критическое мышление? Каково влияние художественных и студенческих танцевальных коллективов на развитие критического мышления? Как следует развивать танцевальные коллективы, работающие с 1985 года? На сайте docs.google.com проведен опрос среди студентов Казахского национального женского педагогического университета, Южно-Казахстанского государственного университета имени Мухтара Ауэзова, Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова, Западно-Казахстанского государственного университета имени Махамбета Утемисова и Кызылординского государственного университета имени Коркыт ата, в нем приняли участие 106 студентов, были проанализированы их ответы, проведено интервью с руководителями студенческих танцевальных ансамблей. Проанализирован опыт Азиатско-американской танцевальной труппы Гарвардского университета (AADT) Harvard Ballet Company. Анализируя результаты исследования, были разработаны авторские предложения, направленные на развитие у студентов навыков критического мышления. Кроме того, были определены системные подходы, охватывающие несколько основных направлений развития студенческих танцевальных коллективов. Подводя итог, убеждаемся, что студенческие танцевальные коллективы являются не только эффективной организацией свободного времени обучающихся и развития исполнительских способностей, но и путь развития у студентов навыков критического мышления.

Ключевые слова: студент, критическое мышление, искусство, хореография, студенческие танцевальные коллективы, процесс обучения.

Для цитирования: Бакирова, Самал и Кусанова Анипа. «Роль танцевальных ансамблей высших учебных заведений в развитии критического мышления у студентов». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 4, 2024, с. 306–322, DOI: 10.47940/cajas.v9i4.936

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Bakirova Samal, Kusanova Anipa

Kazakh National Women's Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)

THE ROLE OF DANCE ENSEMBLES IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE DEVELOPMENT OF CRITICAL THINKING AMONG STUDENTS

Abstract. In the process of globalization, the importance of training specialists in higher educational institutions is increasing, and educational programs are being revised. The main goal of educational programs is not only to train professionals in their respective fields but also to teach them how to effectively use the acquired knowledge to enhance competitiveness. The availability of social networks, artificial intelligence, and information demands the preparation of in-demand specialists, including those in the arts, who are capable of making quick and effective decisions, thinking critically, adapting quickly to a changing environment, and offering optimal solutions to problems. In this regard, the authors analyze the influence of university dance ensembles, where the “Choreography” educational program is implemented, on the development of students’ critical thinking skills. During the research, the following questions were explored: What is critical thinking? How do artistic and student dance ensembles influence the development of critical thinking? How should dance ensembles, which have been active since 1985, be developed? To find answers to these questions, the works of foreign and domestic scholars were analyzed. A survey was conducted on docs.google.com among students of Kazakh National Women’s Pedagogical University, Mukhar Auezov South Kazakhstan State University, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Makhambet Utemisov West Kazakhstan State University, and Korkyt Ata Kyzylorda State University. A total of 106 students participated, their responses were analyzed, and interviews with the leaders of student dance ensembles were conducted. The experience of the Asian-American Dance Troupe of Harvard University (AADT) and the Harvard Ballet Company was analyzed. Based on the analysis of the research results, the authors developed recommendations aimed at developing students’ critical thinking skills. In addition, systematic approaches covering several key areas for the development of student dance ensembles were identified. In conclusion, it is clear that student dance ensembles are not only an effective means of organizing students’ leisure time and developing performance skills but also a way to foster critical thinking skills in students.

Keywords: student, critical thinking, art, choreography, student dance ensembles, learning process.

Cite: Kusanova Anipa, Bakirova Samal. “The role of dance ensembles in higher educational institutions in the development of critical thinking among students” *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, no. 4, 2024, pp. 306–322, DOI: 10.47940/cajas.v9i4.936

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:

Бәкірова Самал Әбілпатташқызы – PhD докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан)

Қусанова Анипа Ерланқызы – доктор PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан).

Сведения об авторах:

Бәкірова Самал Әбілпатташқызы доктор PhD, ассоциированный профессор Казахского национального женского педагогического университета, (Алматы, Казахстан)

ORCID ID:0000-0002-7862-3238
E-mail: samikosh_92@mail.ru

Қусанова Анипа Ерланқызы доктор PhD, ассоциированный профессор Казахского национального женского педагогического университета, (Казахстан, Алматы)

ORCID ID:0000-0001-7353-5215
E-mail: a.kussanova@gmail.com

Information about the authors:

Bakirova Samal Abilppatashkyzy PhD, Associate Professor of the Kazakh National Women’s Pedagogical University(Almaty, Kazakhstan)

Kusanova Anipa Erlankyzy – PhD, Associate Professor of the Kazakh national women’s teacher training university (Almaty, Kazakhstan)